

ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ

Жиналыс хаттамасы № 11

Талдықорған қаласы

«02» қазан 2024 жыл

ТАҚЫРЫБЫ:

«Жетісу облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның Талдықорған қаласының станциясының жұмыскерлерімен (*жүргізуші*) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің талаптарына сәйкес, сонымен қатар ішкі құқықтық құжаттамалардың талабына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметі» туралы түсіндіру жұмыс барысы тақырыбында.

ҚАТЫСҚАНДАР:

ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның Талдықорған қаласының станциясының жүргізушілеріне, осы хаттамаға №1 қосымшасындағы тізім бойынша.

ТЫНДАЛДЫ:

Компаенс-офицер М.Жасұзақов:

«Облыстық денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету станциясы» МКК-да (бұдан әрі - Кәсіпорын) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс –қызмет туралы ереже (бұдан әрі - ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтануын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Жоғарыда аталып өткен Ережеде көрсетілгендей компаенс-офицер қызметшісі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс атқару барысында төменде көрсетілген функцияларды атқарады:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

- квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты;
- квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
- квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

- квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

- корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады. Басқада комплаенс қызметке қатысты функциялар Бақылау кеңесінің төрағасымен бекітілген кәсіпорын Ережесінде белгіленген.


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға өз өкілеттігін атқарушы органға, ұйымның лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, байқау кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

Нақты, Кәсіпорынның Көксу ауданында жұмыс атқаратын жұмыскерлерге қатысты тоқтайтын болсақ. Жүргізушілерге қатысты, жұмыс орнында ұстанатын қағидаларының бірі, ол тиісті өз жұмысын, яғни бригада мүшесі ретінде жәдел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету барысында «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығын қатан сақтануы болып табылады. Себебі жүргізуші көмек көрсетуге бара жатқан бағытта не болмаса науқасты медициналық ұйымдарға тасымалдап бара жатқанда жол ережесін, жол жүрісі қағидаларын қатан ұстанып, тез жылдамдықпен жүруі тиіс. Ал осындай жұмыс барысындағы жағдайлар әр – түрлі жол-көлік оқиғаларына алып келіп соғуы мүмкін. Кәсіпорын қазіргі таңда қолданып отырған санитарлық автокөліктердің көбісі лизинг арқылы алынған болғандықтан заңның талаптарына сәйкес ерікті сақтандыру міндетті болып табылады. Сол себептен ол сақтандыруда шарттың талаптарына сәйкес өз ерекшеліктері болады. Сол ерікті сақтандыру шарттың талаптарын мұқият сақтануы сол сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермейтін амалдардың бірі болып табылады. Сонымен қатар жүргізушілерге қатысты жұмыс барысында қолданатын қауіпсіздік сақтану нұсқаулықтарын тіркеу журналын адал жүргізуі, олда тәуекелдерді алдын алатын әрекет болып табылады.

Сонымен қатар Кәсіпорын қызметкерлері, медицина саласында жұмыс атқарған соң «Қазақстан Республикасының медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намысы кодексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-319/2020 бұйрығының талаптарын кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде және корпоративтік мәдениет үшін осы кодексінің ережелерін сақтайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы болып табылады, сол жарлықта Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы негізделген. Сол жарлықта көрсетілгендей, квазимемлекеттік субъектілерінде жақын арада шешуді талап ететін түйінді проблемалар көрсетілген. Олардың ішінде: "Тұрмыстық" сыбайлас жемқорлық. Азаматтар мен кәсіпкерлердің

күнделікті өмірде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауына байланысты "тұрмыстық" сыбайлас жемқорлық іс жүзінде көптеген салаларда сақталып отыр. Осы «Тұрмыстық» сыбайлас жемқорлыққа алып келетін негізгі себептер қатарында: сақталып отырған әкімшілік кедергілер, екіұдай мағыналы және дискрециялық нормалар, мемлекеттік органдардың жеткіліксіз ашықтығы, баламалы (қағаз) негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесінің жоғары болуы бар. Мемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыртқы талдау шеңберінде айқындайтын сыбайлас жемқорлық алғышарттарын жоюға мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың мүдделілігі әлсіз екені байқалады. Қолданыстағы декларациялау жүйесі шығыстар мен алынатын кірістердің айтарлықтай алшақ болу фактілеріне ден қоюдың тиімді құралдарымен тиісті түрде бекітілмеген.

Комплаенс-офицер  М.Жасұзақов

Танысты:






Директор:



Пак С.Г.

қосымша № 1

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ
«Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы»
МКК-ның жиналыс хаттамасына қосымша

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1	Шақирбеков Д. О		
2	Бақтөбаев М. И		
3	Айтжанбеков М. И		
4	Айтжанов А. А		
5	Қоңғарбаев К. Р.		
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			
13			
14			
15			
16			
17			
18			
19			
20			
21			
22			
23			
24			
25			
26			
27			
28			
29			
30			
31			
32			
33			
34			
35			
36			
37			